

6D08701 - «Аграрлық техника және технология» БББ түлектерінің моделі

Оқу нәтижесінде түлек:

Қабілетті болуы тиіс:

- дербес іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу кезінде алынған теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды қолдану;
- кәсіби, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын, терең кәсіби білімді талап ететін мәселелерді қалыптастыру және шешу;
- зерттеудің нақты міндеттеріне сәйкес қажетті әдістерді таңдау, қолданыстағы әдістерді өзгерту және жаңа әдістерді әзірлеу;
- алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және оларды қолда бар әдеби деректермен салыстыра отырып түсіндіру;
- орындалған жұмыс нәтижелерін есептер, рефераттар, ғылыми мақалалар түрінде дайындау және оларды белгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу;
- ғылыми зерттеулердің теориялық және практикалық нәтижелерін қолдану;
- зерттеу әдістерін жетілдіру және оларды әртүрлі жағдайларда қолдану.

Білуі және түсінуі тиіс:

- халықаралық және отандық стандарттарды, бұйрықтар мен қаулыларды, саланың даму перспективалық жоспарларын;
- мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның қызметінің ерекшеліктері мен техникалық даму перспективаларын;
- аграрлық техника мен технологиялардың отандық және шетелдік үлгілерінің техникалық сипаттамаларын;
- аграрлық техника мен технология саласындағы негізгі техникалық мәселелерді және оларды талдау мен шешуге арналған заманауи ғылыми құралдарды;
- аграрлық техника мен технология саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері мен құралдарын;
- қазіргі заманғы техникалық құралдар мен технологияларды, есептеу техникасын, ақпараттық технологияларды дамыту үрдістері мен перспективаларын;
- аграрлық техниканы пайдалану, жөндеу және қызмет көрсетуге байланысты кәсіпорындардағы еңбек ұйымдастыру талаптарын;
- техникалық құжаттаманы дайындау ережелері мен әдістерін, экономика, еңбек ұйымдастыру, өндірісті ұйымдастыру және ғылыми зерттеулердің негіздерін.

Құзыретті болуы тиіс:

- ғылыми-теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуде;

- кешенді зерттеу жобаларын құру және орындауда;
- мемлекеттік білім беру стандарттарына, оқу және болашақтағы оқу жоспарларына «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жүзеге асыру;
- ғылыми әдіснаманы, заманауи бағдарламаларды қолдануда, алынған нәтижелерді өңдеу және ұсыну формаларын әзірлеуде;
- аграрлық салада әлеуметтік және экономикалық саясат, мемлекеттік мекемелерді, ұйымдарды және кәсіпорындарды басқару мәселелерінде интерпретациялауда;
- аграрлық техника мен технологияға байланысты барлық кәсіби қызмет түрлерін жоспарлау және орындау мәселелерін талқылауда;
- арнайы пәндер бойынша оқу сабақтарын өткізу кезінде гипотезаларды қалыптастыруда.